**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Орынбасарова Ақжарқын | |
| Күні: 03.12.2021 ж. | | |
| Сынып:10 «Б» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 10.1.1.1 - Оқушыларды Қазақтан Республикасының Парламентімен таныстыру, ұғымдарын кеңейту.<br>10.2.3.1 - мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру | |
| Сабақтың мақсаты | Оқушыларды Қазақтан Республикасының Парламентімен таныстыру, ұғымдарын кеңейту. | |

Сабақтың барысы

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>10 мин</td><td>Сәлемдесу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Оқушыларды 3 топқа біріктіру (Парламент, Конституция, Мәжіліс).<br>Оқушыларды сабақ мақсатын ашу үшін видео көрсетіледі.</td><td>Ширату жаттығуларын жасайды.<br><br>Сабақ тақырыбын, мақсатын ашады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>18 мин<br><br>2 мин<br><br>10 мин</td><td>«Қызықты шар» әдісі. 12 сұраққа жауап беру.
<table>
<tr><td>1.</td><td>Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті?</td><td>Н.Ә.Назарбаев</td></tr>
<tr><td>2.</td><td>Ел Президенті халық алдында өзінің Президенттік антын қай жылы қабылдады?</td><td>1991ж.10.12</td></tr>
<tr><td>3.</td><td>Бүкілхалықтық Президент сайлауы қай жылы өтті?</td><td>1991ж. 01.12</td></tr>
<tr><td>4.</td><td>Елтаңба авторларын атаңыз?</td><td>Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлімбеков</td></tr>
<tr><td>5.</td><td>Гимн өлеңінің авторларын атаңыз?</td><td>сөзін жаз.:Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әнін Шәмші Қалдяқов</td></tr>
<tr><td>6.</td><td>ҚР тәуелсіздігін қашан алды?</td><td>1991ж. 16.12</td></tr>
<tr><td>7.</td><td>ҚР тұңғыш Конституциясы қашан қабылданды?</td><td>1993ж.01.28</td></tr>
<tr><td>8.</td><td>ҚР жаңа екінші Конституциясы қашан қабылданды?</td><td>1995ж. 30.08</td></tr>
<tr><td>9.</td><td>Жаңа Конституциясы қанша бөлім, неше баптан тұрады?</td><td>9 бөлімнен, 98 баптан</td></tr>
<tr><td>10.</td><td>Ақмола қаласының атауы қай жылдан</td><td>1998ж.06.05</td></tr>
</table></td><td>Оқушылар кестені толтырады.</td><td>ҚБ: 1-10 балдық жүйе.</td><td>Оқулық<br><br>Кесте қағаздар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Астана болып өзгертілді? | |
| 11. | Саналы адамның (Homo sapiens) пайда болған жылын атаңыз? | 40мың жыл бұрын |
| 12. | Сенат дегеніміз не? | ҚР Парламентінің жоғарғы палатасы |

2. тапсырма **Мәтінмен жұмыс**

**Мәтінмен жұмыс**

Парламент — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.
Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат – жоғарғы палата, мәжіліс – төменгі палата. Сенаттың 15 адамын Республика президенті сайлайды және әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан сайланады. Барлығы 47 депутаттардан құралады. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі — алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі — бес жыл.
Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:
1) Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;
2) Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;
3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;
Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:
1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;

Оқушылар мәтінмен жұмыс жасайды

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;<br>3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;<br><br>3. **Карточкамен жұмыс.**<br><br>**Түсіну. 1-топ. карточкамен жұмыс.**<br><br>.... — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Сенаттың он бес депутатын .... тағайындайды. Ұлттық Банкінің Төрағасын, ... және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын .... келісім береді. Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау - ... жұмысы. ... депутаттарының өкілеттік мерзімі — алты жыл.<br><br>**Қолдану.** 2-топ. Мәтіннен етіс түрлерін теріп жазыңдар. (4) солармен сөйлем құрастырыңдар.<br><br>Белгіленеді, құралады, ескеріліп, тағайындайды.<br><br>**Талдау.** 3- топ. **Сенат пен Мәжілісті Венн диаграммасына салып салыстырыңдар.**<br><br>Қорытынды. Тест тапсырмасы.<br>Тест.<br>1. Қазақстан Республикасының Парламенті қандай орган?<br>А) орта В) жоғарғы<br>С) төменгі Д) жоғарғы өкілді Е) орта өкілді<br>2. Парламент неше палатадан тұрады?<br>А) 2 В) 6<br>С) 5 Д) 47 Е) 3<br>3. Сенат қандай палата? Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі неше жыл?<br>А) орта палата, 3 жыл В) жоғарғы палата, 6 жыл<br>С) төменгі палата, 5 жыл Д) жоғарғы палата, 2 жыл Е) төменгі палата, 3 жыл<br>4.Мәжіліс қандай палата? Мәжіліс депутаттар-ының өкілеттілік мерзімі неше жыл? | Берілген тапсырманы Түсіну, Қолдану, Талдау арқылы орындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | А) төменгі палата, 3 жыл В) жоғарғы палата, 6 жыл<br>С) жоғарғы палата, 2 жыл Д) төменгі палата, 5 жыл<br>Е) орта палата, 3 жыл<br>5. Сенаттың құрамы қанша?<br>А) 25 В) 15<br>С) 107 Д) 47<br>Е) 51<br>6. Мәжілістің құрамы қанша?<br>А) 98 В) 9<br>С) 107 Д) 47<br>Е) 15<br>Жауабы:<br>1) Д жоғарғы өкілді 2) А 2<br>3) В жоғарғы палата, 6 жыл 4) Д төменгі палата, 5 жыл<br>5) Д 47 6) С 107 | | | |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **Кері байланыс: «БББ»** кестесі бойынша өтеді. | Сабақтан алған білімін, үйренгенін айтады. | | |